

**Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 2012 жылға арналған су беру жөніндегі субсидия көлемін айқындау туралы**

*Күшін жойған*

Алматы облысы әкімінің 2012 жылғы 16 қазандағы N 11-10 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2012 жылы 22 қазанда N 2151 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Алматы облысы мәслихатының 2013 жылғы 04 наурыздағы N 3-3 шешімімен

**Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты шешімнің күші жойылды - Алматы облысы мәслихатының 04.03.2013 N 3-3 шешімімен**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 4 сәуірдегі N 237 қаулысымен бекітілген "Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге су беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау" ережесінің 8-тармағына сәйкес облыс әкімі

**Ш Е Ш І М**

**Е Т Т І :**

1. Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 2012 жылға арналған су беру жөніндегі субсидия көлемдері қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Жергілікті бюджеттен субсидиялауды "Алматы облысының ауыл шаруашылығы басқармасы" (Б.Б.Әлиев) мемлекеттік мекемесі жүргізсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Т. Д о с ы м б е к о в к е жүктелсін.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Облыс әкімі*

*А. Мұсаханов*

Облыс	әкімінің	2012	жылғы
16	қазандағы	"Ауыл	шаруашылығы
тауарын	өндірушілерге	2012	жылға
арналған	су	беру	жөніндегі
субсидия	көлемін		айқындау
туралы "	N	11-10	шешіміне
қосымша			

## Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге 2012 жылға арналған суармалы суды беру жөніндегі қызметтердің құнын субсидиялау

N пп	Аудан, қала атаулары	Берілетін көлемі, млн м <sup>3</sup>	Жоспарланған субсидия көлемі, теңге
1	Ақсу	8,27	248,2
2	Алакөл	28,05	1100,0
3	Балқаш	519,0	26000,0
4	Еңбекшіқазақ	86,96	4000,0
5	Ескелді	1,89	102,26
6	Жамбыл	28,8	102 121,9
7	Іле	21,2	1200,0
8	Қарасай	3,6	208,9
9	Қаратал	140,9	7611,2
10	Көксу	22,4	945,14
11	Панфилов	174,8	8287,0
12	Сарқан	66,7	2400,0
13	Талғар	26,7	1500,0
14	Ұйғыр	16,8	706,6
15	Қапшағай	62,1	309668,5
16	Талдықорған	10,4	562,29
	Облыс барлығы	бойынша, 1218,57	466662,0